



БҰЙРЫҚ

376 № 2023 жылғы 23 қазан

ПРИКАЗ

Астана қаласы

город Астана

«Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 465 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 465 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11850 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 70-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:»;**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифтер осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің Электр энергетикасын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі



А. Сәтқалиев

2023 ж. 23 қазақ
№ 376
Бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 3 шілдедегі
№ 465 бұйрығына
2-қосымша

**Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін
қызметке шекті тарифтер**

мың теңге/мегаватт*айына

| № | Атауы | Жыл | | | | | | |
|---|---|-------|-------|-------|-------|-------|--------|--------|
| | | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифтер | 590,0 | 590,0 | 590,0 | 590,0 | 590,0 | 1065,0 | 1215,0 |